

«Бекітемін»

Мектеп директоры: Н.Н.Акыбаева



Абай атындағы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында  
ата-аналар комитетімен бірге атқарылатын мектепішілік  
жылдық жұмыс жоспары

Ақжар ауылы

«Абай атындағы орта мектебі» КММ  
 2022-2023 оку жылында ата-аналар комитетімен бірге атқарылатын жылдық  
 жұмыс жоспары

№	Орындалатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1.	Ата-аналар комитетінің өткен жылдының есебі. Ата-аналар кеңесінің 2022-2023 оку жылына құрамын сайлау, жылдық жұмысының жоспарын бекіту	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, Ата-аналар
2.	«Ата-аналар университеті» ата-аналарға педагогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, Психолог, Сынып жетекшілері
3.	Барлық сыныптар бойынша ата-аналар комитетін сайлау, жұмыс жоспарын жасау.	қыркүйек	Сынып жетекшілері
4.	Мектептегі тәрбиеге қыындық келтірілген оқушылармен атқарылатын жұмыстар	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, Ата-аналар комитеті
5.	Ата-аналар комитетінің отырысы. Ағымдағы мәселелер.	Тоқсан сайын	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті
6.	Мектепте өтілетін іс-шаралармен уақытында хабардар болып отыру. Ағымдағы мәселелер	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті, психолог, әлеуметтік
7.	Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру, бірлескен жұмыстар	желтоқсан	Сынып жетекшілері, Ата-аналар
8.	Мектептегі аз қамтамасыз етілген, түрмисы тәмен отбасы балаларын анықтау	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті
9.	9,11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстарына ата-аналардың жауапкершілігін арттыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті
10.	Ата-аналар жиналысына баяндама оку.	Тоқсан сайын	Психолог
11.	Мектептегі қолайсыз отбасы балаларын анықтау, олармен жұмыстар жүргізу.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, ата-аналар комитеті
12.	Наурыз мерекесін ұйымдастыру бірлескен жұмыстар	наурыз	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті
13.	Ата-аналарды тәрбиелік шараларға қатыстыру	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, ДТІКО
14.	Оқу жылын қорытындылау	Мамыр	Мектеп әкімшілігі, ата-аналар комитеті

Директордың ТІЖО:

*Е. Искаков*

Е.Искаков

М.Кенжебаева

Тарбағатай ауданы әкімдігінің Білім бөлімінің

«Абай атындағы орта мектебі» КММ

Тақырыбы : *Білімді үлт –білім берудің және отбасы*

*құндылықтардың сапасы*

*( Ата –аналар жиналышы )*

Баяндамашы:

А.Дүйсенбекқызы

2022-2023 оқу жылы

**Білімді ұлт – білім берудің және отбасылық құндылықтардың сапасы»  
атты жалпы ұлттық ата-аналар жиналышын откізу дің  
тұжырымдамасы.**

Құрметті ата-аналар және ұстаздар Бүгінгі 11 қыркүйекте өткен «Отбасы құнімен баршанызды шын жүрекten құттықтаймын. Отбасыларынызға амандық, мықты деңсаулық, барлықтарыңызға жақсылық тілеймін.

**Ата – аналар жиналышының мақсаты:** ата-аналарды мемлекеттік білім беру саясатының бағыттары, орта білім беру жүйесінің жетістіктері туралы хабардар ету және мектепті басқаруда педагогтар мен ата-аналардың күш жігерін біріктіру.

**«Рухани жаңғыру»** қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру шенберінде өткізілуде. Ата-ана жиналышы Халықаралық отбасы құніне арналады. Бұл мереке қазіргі әлемде «қоғамның ұясы» маңызды екендігін еске салады. Отбасы қоғамның негізгі элементі ретінде тұрақтылық пен даму факторы болып қалып отыр. Отбасының арқасында мемлекет нығая түседі, және дамиды. халықтың әл-ауқаты артады. Отбасының амандығы – елдін даму және ілгерілеу өлшемі.

**«Рухани жаңғыру»** қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының мақсаты – біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы күшті шығармашылық патриот және белсенді тұлғасын қалыптастыру, жетістікті болашақтың іргетасы тәрбие мен білім беру салты болып табылады.

Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы.

Отбасында баланың мінез-құлқы әдет-дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертенгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру-біздің негізгі мақсатымыз.

Тәрбие – күрделі үдеріс. **«Тәрбие отбасынан басталады»** деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парзы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сініруіміз кажет. Ата-бабамыздан калған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық кажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн.

Себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы, «Балам дейтін жүрт болмаса, жүртім дейтін бала қайдан болсын» деп өткен гасырдың ұлы тұлғасы А. Байтұрсынұлы айтқандай баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптассаса елдің болашағы зор болмак. Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымактастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады.

Үрпақ тәрбиесі ұлагатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бұлдіршін сапалы азамат болып

атқарады. Ең бастысы- бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек. Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын ол өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды.

Жеке тұлға, атақты болу ғана емес, атақты болу да әр адамның қолынан келе бермейді. Әрине ол жақсы. Бірақ біз бен сіздің тілімізде, тұлға ол-адамгершілігі жоғары, сезімдері дамыған, талғамы биік, алдына мақсат коя білетін, оны орындай алатын жауапкершілігі мол, бір қогам мүшесі.

Енді, ата – ана мен бала қарым қатынасына тоқталайық. Отбасы адам тұрмысын ұйымдастырудың қайнар көзі. Ал, бала өмірінің қайнар көзі – ата – ана. Баламен психологиялық – педагогикалық жұмыстар жүргізу үшін біз ата – анамен жұмыс жүргізу үшін біз ата – анамен жұмыс жүргізуіміз керек.

Ата – бабаларымыз айтқандай: «*кемеңгерге де кеңес керек*», - дейді. Кейбір ата – аналар кеңес алудан қашады. Дұрыс ата – ана болса, өз баласы үшін, дұрыс тәрбие беру үшін бәріне баратын сияқты. Ата – анадан өсіп ұрпақ таралған.

Естерінізде ұстаныз:

- ✓ Баланы әлсіз деп бағаламай, оның жақсылық жағын да көру керек.
- ✓ Жылы сөзді аямаңыз.
- ✓ Бір нәрсені орындағанда мактап, сынағанда елеусіздеу сынауға тырысыныз.
- ✓ Олардың алдына орындалатын міндеттерді қойыңыз.
- ✓ Бұйырудың орнына өзіңе тең адамша кеңес, көмек сұрауға тырысыныз.
- ✓ Мүмкіндігіне қарай бір қателік үшін екі рет жазалауға тырыспаңыз.
- ✓ Бала өзін не үшін жазалағанын түсінуге тиіс.
- ✓ Көп жағдайларда баланы мазалау, шектен тыс талап қою нәтиже бермейді.

**Хаттама №**

20 қазан 2022 жылы Абай атындағы орта мектебінде жалпы ата-аналар жиналышы болып өтті.

Катысқаны: 150

Күн тәртібінде:

- 1.«Білімді ұлт – білім берудің және отбасылық құндылықтардың сапасы» атты баяндама.(Мектеп психологы Арай Дүйсенбекқызы)
- 2.Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының есебі. (ДОІЖО Садуақасова Гүлмира, ДТІЖО Искаков Ермек)
- 3.Оқушы келбеті (оқушыларға қойылатын бірыңғай талаппен таныстыру ДТІЖО Е.Искаков)
- Ата-аналар қауымдастырының құрамы және төрағасын сайлау.
- 4.Оқушылардың мектеп формасы және ыстық тамақпен қамтылуы.  
(Хабарлама әлеуметтік педагог Р.Қабибиева)
- 5.Оқушылардың құқықтары мен міндеттері. (Мектеп инспекторы Назира Тусупханова)
- 6.Әр түрлі мәселелер.

Тындалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша белгіленген регламентке сай баяндамалар тындалды.

- 1.«Білімді ұлт – білім берудің және отбасылық құндылықтардың сапасы» атты баяндама.(Мектеп психологы Арай Дүйсенбекқызы). Мектеп психологы ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.
- 2.ДОІЖО Г.Садуақасова 2021-2022 оқу жылының қорытындысы жөнінде баяндамасын жасады. Оқушылардың оқу үлгерімі, білім сапасы және жеткен жетістіктері туралы айтылды. Келесі сөз кезегі ДТІЖО Е.Искаковке берілді. ДТІЖО 2021-2022 оқу жылында өткізілген іс-шараларды баяндап өтті.
3. Оқушы келбеті киім киісі, шаш қою үлгісі туралы айтылып өтті.Ата-аналар қауымдастыры қайта қалдырылып, балалары бітіріп кеткен ата-аналардың орнына жаңадан мүшелер сайланды.
- 4.Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы туралы әлеуметтік педагог Р.Қабибиева айтып өтті. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.
5. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы мектеп инспекторы Н.Тусупханова мағұлмат беріп, ата-аналардың қойған сұрақтарына жауабын берді.

Жарыс сөз:

- 1.Жәнібеков Ербол – ата-аналар комитетінің төрағасы: Мектеп оқушыларының жетістіктері өте көп. Ұстаздар қауымы көп еңбек еткен. Абай

атындағы орта мектеп – үлгілі шаңырақ. Ата-аналар да балаларының білім сапасын, сабактан себепсіз қалмауын, кешікпеуін, тәртіп пен тәрбиенің бәріне мұғалімдер ғана емес, өзіміз тарарапымыздан да қолға алуымыз қажет.

2. Құрмантай Нұсіп – ата-ана:

Ұрпақ – елдің келешегі Отансүйгіштік қасиеттерді бойына сініре білу – біздің міндегі.

3. А. Құрмашева ата-ана:

Беріліп жатқан білімге ризамын. Ұстаздардың жетістігі – оқушылардың жеңісі.

4. Мырзаханұлы Аманжол ата-ана:

Ұстаздардың еңбектерін бағалау қажет. Өте ризамын.

5. Серікбаева Гүлмира ата-ана:

Балаларым осы мектепте оқиды. Берген білім мен тәрбиеге көнілім толады.

Қаулы:

1. «Білімді ұлт – білім берудің және отбасылық құндылықтардың сапасы» атты мектеп психологы Арай Дүйсенбекқызының баяндамасы еске алынсын.
2. Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының есебі еске алынсын. (ДОІЖО Садуақасова Гүлмира, ДТІЖО Искаков Ермек)
3. Жаңа сайланған ата-аналар қауымдастырының, профилактикалық кеңестің құрамы: Жәнібеков Ербол, Түрекенов Амангелді, Сұлтанов Бақытбек, Мақсыбаева Қарлығаш, Құрмашева Арайлым, Мырзаханұлы Аманжол, Серікбаева Гүлмира бекісін.
4. Оқушылардың мектеп формасы және ыстық тамақпен қамтылуы еске алынсын (Хабарлама әлеуметтік педагог Р. Қабибиева)
5. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері еске алынсын (Мектеп инспекторы Назира Тусупханова).
6. Осы оқу жылында нақты жұмыстар атқару мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесіне, ата-аналар қауымдастырына, профилактиялық кеңеске тапсырылсын.
7. Жиын барысында айтылған ұсыныс-пікірлер еске алынсын, қаулыға енгізілсін.
8. Қаулының негізі бекісін.

Жиналыс тәрағасы: *Ә. Серікбаева*

Хатшы: *Нұсіп* *Аманжол Мырзаханұлы*